

Шахмат ойынынан жарыс өтті

Биылғы оқу жылы мерейтойлық маңызды күндерге бай болмақ. 17-ші қараша күні аталып өтілген халықарылық студенттер күніне орай "Технологиялық машиналар және жабдықтар" кафедрасы оқытушылары мен 1-ші курс студенттері арасында шахмат ойынынан жарыс өткізілді. Оқытушылар арасынан М.Т.Усербаев, Б.Б.Тимирханов, Ж.К.Аймурзинов, А.М. Назиханов қатысты. Ойын жеңімпазын анықтау үшін оқытушылар арасынан алға шыққан аға оқытушы Б.Б.Тимирханов пен студенттер арасында топ жарған И.Е. Жамбылов арасында шешуші кезең өтіп, аға оқытушы Б.Б.Тимирханов жеңімпаз атанды. Топ кураторы С.Қардыбай жеңімпаздарға әрқашан осындай спорттық жетістіктерге жетіп, үздік оқуларына тілектестігін білдірді. Шахмат ойындары логика мен ойлау қабілетінің дамуына септігін тигізетінін атай өтті.



